

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 8 мамырдағы N 435 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.04.14 № 302 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қазандағы N 995 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 37, 417-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасында:

"Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту" деген 5.4. кіші бөлімде: төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстанның өңірлерінде халықты оқытуды ұйымдастыру (666 135 адам - 4,44%)";

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстанның өңірлерінде "жазғы компьютерлік мектептерде" халықты оқытуды ұйымдастыру (330 000 адам - 2,2%);"

"8. Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

"Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту" деген 4-бөлімде: реттік нөмірі 3-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстанның өңірлерінде халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту (666 135 адам - 4,44%)";

реттік нөмірі 3.5-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқытуға республикалық бюджеттен трансферттер бөлу:

2007 жыл - 133 748 адам;

2 0 0 8    ж ы л    -    2 4 8    5 9 1    а д а м ;

2 0 0 9    ж ы л    -    2 4 8    5 9 1    а д а м ;

2009 жыл - 35 205 адам 75 оқу сыныптарында";

реттік нөмірі 5.4-жолдың 2-бағанында "Балалар үйлерінде тәрбиеленушілерді  
" деген сөздерден кейін "және қызметкерлерді" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 7-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстанның барлық өңірлерінде жазғы мектептерде" халықты  
компьютерлік сауаттылыққа оқыту (330 000 адам - 2,2 %);

реттік нөмірі 7.3-жолдың 2-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықты компьютерлік сауаттылыққа оқыту үшін Қазақстанның барлық  
өңірлеріндегі "жазғы мектептерде" 2000 компьютерлік сыныпты ұйымдастыру";

реттік нөмірі 7.5-жолдың 2-бағанында "жоғарғы оқу орындарындағы  
студенттердің күшімен бюджеттен тыс саланың қызметкерлерін және өзге де  
санаттағы азаматтарды" деген сөздер "халықты" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н    Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К.Мәсімов*